

**Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі  
Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау  
жасау жөніндегі комитетінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 23 қыркүйектегі N 934 . Қаулының күші жойылды - 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 21 мамырдағы N 3958 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 16, 136-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

( 1 - 3 ) < \* >

*ЕСКЕРТУ. 1-3-тармақтардың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.02.25. N 173*

қ а у л ы с ы м е н

4. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің аумақтық органдары үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің аумақтық органдарының қызметтік жеңіл автомобильдерінің лимитін қысқартудың есебінен 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің аумақтық органдарын ұстау үшін қаржыландыруды республикалық бюджет қаражатының есебінен заңдарда белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары мен Астана қаласының әкімдерімен бірлесіп, Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің аумақтық органдарын орналастыру үшін бір ай мерзімде үй-жай бөлсін.

7. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы

29 сәуірдегі N 391a қаулысының күші жойылған деп танылсын.  
8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК